

Осылайша, Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығында еркіндік – көпқырлы ұғым. Ол білім арқылы да, әлеуметтік әділет арқылы да, ұлттық тәуелсіздік арқылы да, рухани дербестік пен қоғамдық прогресс арқылы да ашылады. Бұл идеялар қазақ халқының сол кезеңдегі тарихи жағдайымен тығыз байланысты бола отырып, бүгінгі күн үшін де өзекті. Өйткені әлеуметтік еркіндік – тек өткеннің мұраты емес, қазіргі қоғамның да ең басты қажеттілігі. Сондықтан Торайғыров еңбектері бізге әрқашан жаңаша ой тудырады. Еркіндік туралы оның ойлары қазіргі заман философиясы тұрғысынан қарастырғанда да маңызын жойған жоқ.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылық мұрасы – қазақ руханиятының алтын қазынасы ғана емес, сонымен бірге ұлттық философиялық ойдың дамуындағы маңызды кезең. Оның мұрасының құндылығы – әдебиетші ғалымдардың зерттеу нысанына үнемі айналып отырғанында. Белгілі ғалымдар Б. Кенжебаев, Н. Дүйсенбаев, А. Берқожин сынды тұлғалардың еңбектерінде Торайғыровтың әдеби мұрасы терең талданды. Әсіресе, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі оның орны, шығармашылық жаңашылдығы, әдеби әдістер мен жанрлардың қалыптасуына қосқан үлесі айрықша аталды.

Философиялық тұрғыдан алғанда, Торайғыровтың мұрасы бірнеше өлшемде бағалануы тиіс. Біріншіден, оның эстетикалық идеалы – шындық пен әділетке негізделген, яғни сұлулық пен ақиқаттың үйлесімі. Екіншіден, оның поэзиясы әлеуметтік әділетсіздікті сынап, халықты азаттыққа, еркіндікке шақырды. Үшіншіден, ағартушылық идеялары – білім мен ғылымды қоғамды дамытудың басты тетігі деп санауы – ұлттық философиялық ойдың өркендеуіне зор ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Торайғыров С. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1987.
2. Қирабаев С. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы: Ғылым, 1993.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
4. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.
5. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2002.
6. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.
7. Әдебиеттану. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: ҚазАқпарат, 2005.
8. Кант И. Критика практического разума. – Москва: Наука, 1994.

ӘОЖ 304.9

## **«ЖЕРҰЙЫҚ» ФИЛОСОФИЯСЫ: ЗАМАН БАҒЫТЫН АНЫҚТАУ РЕТІНДЕ**

Салыматова Нұргүл Рыскелдиевна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Философия» білім беру бағдарламасы докторанты, Астана, Қазақстан

Жерұйық идеясы – қазақ дүниетанымындағы мәңгілік ізденіс пен болашаққа бағдарды бейнелейтін терең философиялық ұғым. Асан Қайғының Жерұйықты іздеуі халықтың әлеуметтік арманы ғана емес, сонымен қатар заманды тану, бағалау және оның бағытын анықтаудың философиялық көрінісі. Бұл идея адамзаттың уақытпен қатынасын, қоғамның даму жолын, болашаққа деген ұмтылысын білдіреді.

Алтын Орда заманынан келе жатқан жердің тұтастығы мен билік орталығын анықтау мәселесі XV ғасырда өзекті проблемаға айналды. Асан Сәбитұлы заманында қазақ рулары мен тайпалары жаңа мемлекеттің саяси-әлеуметтік негізін қалыптастыру жолында тұрды. Асан қайғының «Жерұйық» тұжырымдамасы дәл осы тарихи жағдайда пайда болды. Ол тек қоныс іздеу емес, мемлекеттілік пен ұлттық бірлікті қамтамасыз ететін саяси-философиялық концепт болатын. Асан Сәбитұлы – халық арасында Асан қайғы атанған кемеңгер жырау, ақылгөй, мемлекет қайраткері. «Қайғы» эпитеті оның жеке мұңын емес, халықтың тағдырына алаңдаған, елдің болашағын ойлаған даналық күйін бейнелейді [1, 113 б.]. Асан қайғының «Жерұйығы» тәуелсіз Қазақ хандығын құрудың мемлекеттік тұжырымдамасының өзегіне айналды. Ол Керей мен Жәнібек бастаған Қазақ хандығының құрылу процесінде хан кеңесінің мүшесі болып, мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен сыртқы қауіпсіздігіне қатысты кеңестер берді. Оның ойынша, жаңа мемлекетке ең басты қажет нәрсе – құт-береке, табиғаты қолайлы, стратегиялық тұрғыдан қауіпсіз қоныс. Бұл қоныс кейін «Жерұйық» атауымен белгілі болды.

«Жерұйық» сөзі екі компоненттен тұрады: «жер» – қазақ дүниетанымында тек географиялық ұғым емес, мемлекеттің негізі, билік жүргізілетін, халықты біріктіретін кеңістік. Жер деген географиялық термин ретінде баршамызға түсінікті, бірақ Асанға керегі мемлекеттік құрылысқа қажетті жер. Бұл мәнде жер географиялық емес, саяси мәнде аталып отыр [2, 13 б.]. «Ұйық» – байырғы түркі тілінде «тыныштық, бейбітшілік, тұрақ» деген мағынада. Қазақ халқының тарихи жадында «жер» ұғымы – тек табиғи кеңістік емес, саяси, әлеуметтік және рухани мәні бар категория. Ол ата-бабадан мұра болып қалған, олардың қанымен, жанымен қорғалған, ұрпақтан ұрпаққа аманат етілген қасиетті құндылық. Қазақ үшін жер – елдік пен бірліктің кепілі, болашақ ұрпақтың өмір сүруінің негізі [3, 45 б.].

Асан Қайғы үшін «Жерұйық» – халықтың құт-берекесі қонған, саяси тұрақтылық пен әлеуметтік әділет орнаған мекен. Бұл – утопиялық бақыт аралы емес, мемлекеттік құрылымға қажетті стратегиялық кеңістік деп түсіну арқылы ғана мәнін аша аламыз.

Демек, «Жерұйық» – табиғат байлығы мол, халқы бейбіт, мемлекеті мызғымас жерұйық елдің идеалды бейнесі. Бұл ұғым утопиялық сипатқа ие болғанымен, оның астарында нақты саяси-стратегиялық мазмұн бар. Асан қайғының «Жерұйық» іздеуі – қазақ халқының тарихи санасында сақталған утопиялық арман ғана емес, саяси-философиялық мәні зор ұлттық идея. Ол мемлекеттіліктің негізін құрайтын басты құндылық – жер екенін, оның қасиеті табиғат байлығында ғана емес, халықтың бірлігінде екенін көрсетті.

Философиялық тұрғыдан алғанда, Жерұйық – «идеалды болашақтың» моделін құруға бағытталған дүниетанымдық бағдар. Ол заманды келесі қырларынан анықтауға мүмкіндік береді:

Жерұйық ізденісінде қоғамдағы әділетсіздік, теңсіздік пен қайшылықтар айқын көрінеді. Бұл арқылы уақыттың рухани-әлеуметтік бейнесі ашылып, заман анықталады;

Жерұйық идеясы халықтың болашағын болжау, яғни әділетті қоғамға жету үмітімен байланысты. Ол келешекті елестету құралы ретінде әрекет етеді;

Жерұйық философиясы тек қиял емес, қоғамның даму жолын жобалаудың, болашақ құрылымын елестетудің мәдени-әлеуметтік жобасы.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ дүниетанымындағы жерұйық пен заман мәселелерін зерттеу қоғам мен уақыттың өзара байланысын терең түсінуге бағытталады. Жерұйық - заман ұғымын анықтаудың күрделілігін айқындайтын аспектілер қатарында қарастырылып, бұл кең көлемді құбылысты әлеуметтік-философиялық тұрғыда түсіндіруге, тарихи санадағы рөлін ашуға және оның кеңістікпен өзара байланысын көрсетуге деген қажеттілік туындайды.

Себебі, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында заман тек хронологиялық өлшем ретінде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік, тарихи және мәдени контекст арқылы бағаланады. Заманның объективті және субъективті аспектілері арқылы адам мен қоғамның тарихи дамуын, рухани эволюциясын тану маңызды философиялық міндеттердің бірі саналады.

Заман мәнін түсінудегі бұл көзқарастар оны тек уақыттық өлшем тұрғысында ғана қарастырудың жеткіліксіз екенін аңғартады. Ол – кеңістіктің, қоғам мен адам болмысының тұтас жиынтығын біріктіретін күрделі жүйе. Қазақ дүниетанымында заманның ауқымдылығы мен санада орныққан кең ұғым ретін жүйелеу үшін, оны қоғам, уақыт пен кеңістіктің бірлігі ретінде қарастыру көзқарасы негіз етілген. Осыған сәйкес, уақыт пен кеңістік ұғымдарының әлеуметтік жағдайға ықпалы, сондай-ақ қазақ дүниетанымындағы заман түсінігі мен оған қатысты қалыптасқан ұғымдар қарастырылуы керек.

Адаммен қатынасында уақыт – оқиғалар мен сезімдердің реттілігі, дүниені қабылдау тәсілі, адам болмысын ұғыну мүмкіндігіне айналады. Уақыт көпөлшемді, әмбебап заңдылыққа бағынбайды, әр қоғам өзінің уақыты мен тарихына сай қалыптасады және тарихи дамудың заңдылығы ретінде қайталанбас рухани мазмұн әкеледі. Осыдан түйетініміз – заман белгілі бір уақыт аралығындағы оқиғалармен, жағдайлармен, өзгерістермен айқындалатын, солар арқылы ерекшеленетін кезең.

Бұл қарастырғанымыздан қазақ дүниетанымындағы «заман» ұғымының кең және терең мағынаға ие, сонымен қатар қоғамның, табиғаттың және адамның өмір сүру кезеңдерін, өзгерістерін қамтитынына көз жеткіземіз. Заман – адамның өмір сүру ортасы мен тіршілігіне әсер ететін уақыттық, тарихи және мәдени категория. Жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның тағдырына әсер етуші. Әр заман белгілі бір ұрпақтың өмір салты мен құндылықтарын айқындауы негізінде, заман халықтың тарихи жадында ерекше із қалдырған оқиғалар сипаты ретінде қалыптасады [4]. Ал, Жерұйық идеясы болса, заманды анықтау жолы деп түсінсек болады.

Жерұйық – тек географиялық мекен емес, ол адамзаттың рухани мұраты мен әлеуметтік идеалының философиялық концепті. Ол заманды айқындау арқылы адамның өз орнын, қоғамның өз

болашағын түсінуіне жол ашады. Қазақ ойшылдарының дүниетанымында Жерұйық – уақыт пен кеңістікті байланыстыратын, өткеннен сабақ алып, болашаққа бағдар беретін символ.

Асан қайғының «Жерұйық» идеясы негізінде этнотерриториялық тұтастықты сақтауды, халықтың қауіпсіздігі мен бірлігін қамтамасыз етуді мақсат етті. Тәуелсіз Қазақстан үшін де «Жерұйық» идеясы – өткеннің мұрасы ғана емес, болашақтың да бағдаршамы.

Сондықтан Жерұйық философиясы – заман бағытын анықтаудың, болашақты болжаудың және қоғамдық дамуды жобалаудың терең философиялық үлгісі. Ол бүгінгі кезеңде де өзектілігін жойған жоқ, өйткені қоғамның өркениеттік дамуын бағдарлауда әрдайым халық дүниетанымынан туындаған арман-мұратқа сүйену басты негіз болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мағауин, М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жалын, 1991.
2. Есім Ғ. Сана болмысы. Жетінші кітап. – Алматы: Ғылым, 1992.
3. Қоңыратбаев, Ә. Қазақ эпосы және түркі әлемі. – Алматы: Ғылым, 2004.
4. Salymatova N. «Analysis of the concept of *zaman* in the Kazakh worldview» // Journal of Philosophy Culture and Political Science. № 3/2025.

ӘОЖ 130.11

## ҚАЗАҚЫ РУХ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ОЙ: Т.Ы. ӘБЖАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНА ҮЛЕСІ

Сарсенбеков Нұрсұлтан Жумабекович

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті

PhD, ҚХА және ӘГП кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қарағанды, Қазақстан

Екінші курста оқып жүрген кезіміз. Бірде Рақымжанов Бақытжан Қадырұлы сабақ соңында маған: «Сізді Төлеуғазы Ысқақұлы кафедрада күтіп отыр, барып жолығыңыз», – деді. Әлбетте, Т.Әбжановтың бізге дәрістерді тек үшінші курста ғана оқитынын білетінбіз. Сондықтан таңырқап, іштей қорқыныштың болғаны да бар. Сөйтсек, Төлеуғазы Ысқақұлы «Мақал-мәтелдердегі ой мен сөздің диалектикалық байланысы» тақырыбында курстық, кейіннен дипломдық жұмыс жаздыруға студент іздеп, өзге оқытушыларға қолқа салып, өтініш білдірген екен. Осылайша, менің Төлеуғазы Ысқақұлымен алғашқы кездесуім осылай басталған еді. Т.Әбжанов бакалавриатта ғылыми жетекші болды. Т.Әбжанов мен үшін ғылыми ізденістерге алғаш жол ашқан ұстаз. Оның дәрістері, ақыл-кеңестері мен адами қолдауы барлық күмәнімді жеңіп, өз күшіме сенуге жол ашты. Ғылыми-танымдық бағыттағы мақалаларымның газет беттеріне жариялануына бағыт беріп отырды.

Т.Әбжанов – қазақ гуманитарлық дүниетанымда ерекше орны бар аса көрнекті философтардың бірегейі. Ол Қарағанды философиялық мектебінің тұңғыш өкілі әрі сол мектептегі шәкірттері үшін де ғылыми-рухани жетекшісі бола болды. Ол өзінің философиялық әрі қазақ дүниетанымындағы даналықтың әдіснамалық және құндылықтық негіздеріне ерекше назар аудара білді. Ұлттық рухты философиялық тұрғыда пайымдаудың дәстүрін қалыптастыру мақсатында төңірегіне тұтас бір буын болып табылатын зерттеуші-ғалымдарды жинай білді.

Т.Әбжанов қазақ дүниетанымы мен ұлттық рухын зерттеуге айрықша көңіл бөлді. Оның ой-толғаныстарынан И.Кант пен Г.Гегель мұрасымен сабақтастық айқын байқалатын. И.Кант адам ақылының шегін және моральдық борышты мәселе етіп қойса, Т.Әбжанов ар, ұждан, намыс пен еркіндік тұлғаның рухани өзегін құрайтын қазақ философиялық дәстүрінің категориялық негіздерін айқындауға ұмтылды.

Т.Әбжановтың жиі қозғайтын мәселелерінің бірі Г.Гегельдің «Ұлт рухы» (*Volksgeist*) туралы идеясы еді. Т.Әбжанов қазақтың ұлттық рухын жай ғана тарихи мұра емес, тарихтың бағытын айқындайтын әрі дәстүрден қуат алатын тірі күш деп дәріптеді. Ол халық рухы сол ұлттың тілінде, мақал-мәтелдерде, салт-дәстүрде, ойлау құрылымында көрініс табатынын, нақ сол жерде шынайы философиялық категориялар туындайтынын жиі еске салатын. «Қазақ рухының философиясы» еңбегінде Т.Әбжанов: «Тек өзіндік сана, өзін-өзі жете тану арқылы ғана әрбір жеке тұлға халқының рухани дүниесіне зер салып, содан бойына нәр алады. Ал енді өнер, тіл, дін, яғни мәдениеттің барлық формалары, рухты дамытуға, оның мәнін ашуға бағытталған сара жол болып табылады. Рух философиясына осыншама мән берудің және оның аса қажеті екендігін атап көрсетудің негізі қайда